



АҚ «Қ. Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Іс-қимыл тәртібі туралы ереже

Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын
(Syllabus) әзірлеу туралы ережелері

XC ISO 9000:2015
XC ISO 9001:2016
XC ISO 37001:2016

ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-16

Күні « 18 » маусым 2025 ж.



БЕКІТЕМІН

Қ. Құлажанов атындағы

«ҚазТБУ» АҚ Ректоры

Л.К. Байболова

« 18 » маусым 2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
ПӘННІҢ ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН
(SYLLABUS) ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ
ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-16

КЕЛІСІДІ

АСЖ Проректор

Э.Б. Аскарбеков

« 18 » маусым 2025 ж.

Астана, 2025

Нұсқа: _____

КЭ: _____

«Google диск» бойынша тіркеу № _____

АЛҒЫ СӨЗ

Осы Ережелер Білім беру бағдарламалары басқармасымен әзірленген.

Осы Ережелердің талаптары оқу процесін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Осы Ережелер «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ құжаттамасының құрамына кіреді.

Осы Ережелердің мерзімді тексерісі ББББ басшысымен 3 жылдан аспайтын аралықта жүргізіледі.

Осы Ережелер «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ректорымен бекітіледі және бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Ережелерге өзгерістер «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 5 Ғылыми кеңес отырысының шешімімен бекітілген ҚА 10-09.98-2021 Құжатталған рәсім «Пәннің жұмыс оқу бағдарламасының (силлабустың) құрылымы мен рәсімделуіне қойылатын талаптар» құжатының күші жойылды деп танылсын.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	2
1. Құжаттың атауы	4
2. Әзірлеуші	4
3. Құжатты әзірлеу мақсаты	4
4. Нормативтік сілтемелер	4
5. Терминдер мен анықтамалар	5
6. Қолданылған қысқартулар	5
7. Жалпы ережелер	6
8. Процестің сипаттамасы, пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу, бекіту және өзектендіру тәртібі	6
9. Пәннің жұмыс оқу бағдарламасының (Syllabus) құрылымы мен мазмұны	8
10. Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу бойынша іс-қимылдар	14
11. Жауапкершілік және өкілеттік	14
Қосымша «Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus)» нысаны Н. ББББ 8.3/8.1-2025-16-01 (міндетті)	15
Келісу парағы	23
Танысу парағы	23
Тіркеу өзгерістерінің парағы	24
Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы	24

1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу туралы ережелері ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-16

2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Білім беру бағдарламалары басқармасының әдістемелік бөлімі.

3. ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУ МАҚСАТЫ

3.1 Пәндік жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) құрастыруға бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету.

4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 ХС ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;

4.2 ХС ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік;

4.3 ХС ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі - Қолдану бойынша талаптар мен ұсыныстар;

4.4 ҚР 2007 ж. 27.07 № 319-III «Білім туралы» Заңы (2025 ж. 15.04 өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.5 ҚР 2015 ж. 23.11 №414-V ҚРЗ Еңбек кодексі (2025 ж. 19.05 өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.6 ҚР Үкіметінің 2023 ж. 28.03 № 248 Қаулысы «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» (2024 ж. 14.06 өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.7 ҚР БҒМ-нің 2018 ж. 30.10 № 595 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (2024 ж. 24.06 өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.8 ҚР ҒЖБМ-нің 2022 ж. 20.07 № 2 Бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (2025 ж. 22.04 өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.9 ҚР БҒМ-нің 2011 ж. 20.04 № 152 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (2025 ж. 26.03 өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.10 ҚР БҒМ-нің 2015 ж. 20.03 № 137 Бұйрығы «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (2024 ж. 21.05 өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.11 ҚР БҒМ-нің 2015 ж. 17.06 № 391 Бұйрығы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» (2024 ж. 05.01 өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.12 ҚР БҒМ-нің 2022 ж. 12.10 № 106 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы» (2023 ж. 27.06 өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.13 ҚР БҒМ-нің 2018 ж. 13.10 № 569 Бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» (2023 ж. 21.07 өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.14 «Академиялық саясат» ҚазТБУ-ОҮЖ-ЕСБ-8.3/8.1-2025-01;

4.15 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;

4.16 Білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету саясаты ҚазТБҰ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-34.

5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
Жоғары оқу орны компоненті	Білім беру бағдарламасын меңгеру үшін Университет дербес айқындайтын оқу пәндерінің және сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі
Элективті пәндер каталогы	Таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйелендірілген аннотацияланған тізбесі, олардың оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және оқудың күтілетін нәтижелерін көрсете отырып, қысқаша сипаттамасын қамтиды
Біліктілік	Қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі
Таңдау компоненті	Университет ұсынатын оқу пәндерінің және сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі, білім алушылар олардың пререквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде дербес таңдайды
Оқытудың кредиттік технологиясы	Академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушының пәндер мен (немесе) модульдерді оқу тізбегін таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту
Міндетті компонент	МЖМБС белгілеген және білім алушылар міндетті түрде оқыту бағдарламасы бойынша білім алатын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі
Пререквизиттер	Оқытылатын пәнді және (немесе) модульдерді игеру үшін қажетті білім, іскерлік, дағды және құзыреттіліктерді қамтитын пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа түрлері
Постреквизиттер	Берілген пән мен (немесе) модульді оқып бітіргеннен кейін меңгерілетін білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды және құзыреттерді талап ететін пәндер және (немесе) модульдер мен оқу жұмысының басқа да түрлері
Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus)	оқытылатын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, әр сабақтың тақырыбы мен ұзақтығын, білім алушының өзіндік жұмысының тапсырмаларын, оқытушының талаптарын, бағалау критерийлерін, білім беру ұйымы үлгілік оқу бағдарламасының (ҮОБ) негізінде дербес әзірлейтін әдебиеттер тізімін қамтитын бағдарлама
Аралық бақылау	бір оқу пәнінің бөлімі (модулі) аяқталғаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау
Білім алушының өзіндік жұмысы	бекітілген кесте бойынша жүргізілетін білім алушының аудиториядан тыс жұмысы
Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау	академиялық кезең ішінде оқытушы аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда өткізетін оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру
Үлгілік оқу бағдарламасы	ұсынылатын әдебиеттің мазмұнын, көлемін айқындайтын және білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін мамандықтың үлгілік оқу жоспарының міндетті компоненті пәнінің оқу құжаты

6. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқарту	Толық атауы
ЖК	Жоғары оқу орны компоненті

ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ЖББЕК	Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігі
ЭПТ	Элективті пәндер тізбесі
ТК	Таңдау компоненті
ЖАОН	Жаппай ашық онлайн курстары
МК	Міндетті компонент
БББ	Білім беру бағдарламасы
ЖОЖ	Жұмыс оқу жоспары
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
БӨЖ	Білім алушының өзіндік жұмысы
БӨӨЖ	Білім алушының оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы
Университет	АҚ «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті»
СҚЕЖАБ	Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу басқармасы
ББББ	Білім беру бағдарламаларын басқару

7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу туралы ережелері «Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ-дағы (бұдан әрі – Университет) жұмыс оқу бағдарламасының (Syllabus) мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын негізгі талаптарды қамтиды.

7.2 Ережелердің мақсаты пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) құрастырудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу болып табылады.

7.3 Ережелер силлабусты әзірлеу, бекітуге дайындау және оны өзектендіру кезінде қолданылады.

7.4 Ережелер Университеттегі кафедралар мен факультеттер үшін орындауға міндетті болып табылады және кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесіне қатысатын Университеттің барлық бөлімшелеріне арналған.

7.5 Ережелер Университеттің лауазымды тұлғалары мен Білім беру бағдарламалары басқармасының қызметкерлеріне арналған Университеттің ішкі нормативтік құжаты (бұдан әрі – ІНҚ) болып табылады.

7.6 Ережелер СМЖ талаптарына сәйкес Университетте қабылданған құжаттамалар жиынтығына кіреді.

8. ПРОЦЕСТІҢ СИПАТТАМАСЫ, ПӘННІҢ ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН (SYLLABUS) ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ ӨЗЕКТЕНДІРУ ТӘРТІБІ

8.1 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) Университеттегі оқу пәндерін әдістемелік қамтамасыз етуге енгізіледі және келесі құжаттардан тұрады:

8.1.1 дәріс кешені (өзін-өзі тексеру сұрақтарымен бірге);

8.1.2 тәжірибелік сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар;

8.1.3 зертханалық (студиялық) сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар (бар болған жағдайда);

8.1.4 білім алушының өзіндік жұмысын (бұдан әрі – БӨЖ) орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар мен материалдар;

8.1.5 білім алушының оқытушының басшылығымен орындалатын өзіндік жұмысын (бұдан әрі – БӨӨЖ) орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар мен материалдар;

8.1.6 ағымдық бақылау мен аралық аттестаттауды ұйымдастыру бойынша материалдар;

8.1.7 пән бойынша глоссарий;

8.1.8 жаппай ашық онлайн-курстар (ЖАОК).

8.2 Силлабус осы пән бойынша сабақ беретін оқытушымен әзірленеді.

8.3 Силлабусты құрастыру кезінде оқытудағы үздіксіздік пен сабақтастықты іске асыру мақсатында пәндерді оқытудың құрылымдық-логикалық реттілігін сақтау қажет.

8.4 Силлабустың мазмұны жекелеген тақырыптарды оқытудағы қайталауды болдырмау мақсатында білім беру бағдарламасының басқа пәндерінің оқыту мазмұнымен өзара байланысты болуы тиіс.

8.5 Міндетті компоненттің (МК) пәннің жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттар негізінде, тиісті даярлау бағытының ҚР МЖМБС-на және үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – УОБ) сәйкес әзірленеді.

8.6 Таңдау бойынша компоненттің (ТК) немесе жоғары оқу орны компонентінің (ЖК) пәннің жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) білім беру саласындағы уәкілетті орган және білім беру ұйымы дербес бекіткен құжаттар негізінде әзірленеді:

8.6.1 тиісті даярлау бағытының ҚР МЖМБС;

8.6.2 білім беру бағдарламалары;

8.6.3 элективті пәндер каталогы.

8.7 Әзірлеу, рәсімдеу, бекіту және өзектендіру тәртібі

8.7.1 Ректордың пәндерді кафедраларға бекіту туралы бұйрығы негізінде кафедра меңгерушілері жаңа оқу жылына арналған жүктемені оқытушылар арасында бөле отырып, оқытушыға пәннің силлабусын нақты мерзімдерін көрсете отырып әзірлеуге тапсырма береді.

8.7.2 Силлабусты әзірлеуге байланысты барлық сұрақтар кафедра отырысының хаттамасында тіркеледі. Силлабусты дайындау оқытушының жеке жұмыс жоспарына енгізіледі.

8.7.3 Оқытушы әзірлеген силлабус кафедра отырысында қаралады, кафедра меңгерушісі қол қояды, білім беру бағдарламасын шығарушы кафедраның меңгерушісімен келісіледі және факультет деканымен бекітіледі.

8.7.4 Силлабусты апробациялау тиісті пәнді меңгеретін білім алушылардың бірінші ағынында жүргізіледі. Апробациялаудың негізгі міндеті – білім алушылардың оқу материалын меңгеруін, барлық оқу сабақтарын өткізу жоспарының олардың нақты мерзімдеріне сәйкестігін, оқу материалын дайындау сапасын және баяндаудың логикалық реттілігін бағалау.

8.7.5 Апробация нәтижелері бойынша әзірлеушілер пән бойынша силлабус мазмұнының сапасын бағалайды және қажет болған жағдайда, келесі оқу жылына құжаттың жаңа басылымын әзірлейді.

8.7.6 Өзектендіру немесе өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдау үшін әзірлеуші кафедра оқу жылы басталғанға дейін кафедра отырысында жаңа оқу жылында силлабусты пайдалану мүмкіндігі туралы мәселені талқылауы тиіс.

8.7.7 Келісу деңгейлерінің бірінде теріс шешім шығарылған жағдайда, жаңа басылымды қайта өзектендіріп және бекіту қажет.

8.7.8 Бекітілген силлабустар міндетті түрде Университеттің білім беру порталында орналастырылуы тиіс.

8.8 Силлабусты әзірлеуге және рәсімдеуге қойылатын талаптар

8.8.1 Силлабусты әзірлеуге басқа кафедралардың осы пән бойынша дәрістік, тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақтарды жүргізетін немесе бұрын оларды өткізуге қатысы болған оқытушылары тартылуы мүмкін. Күрделі жағдайларда (силлабус бағдарламасының немесе оның жекелеген тақырыптарының мазмұны туралы түсініктердің сәйкессіздігі) бағдарламаны әзірлеуге арналған тапсырма жазбаша нысанда беріледі, онда силлабустың немесе оның жекелеген тақырыптарының, бөлімдерінің немесе блоктарының мазмұнына қатысты негізгі тұжырымдамалық сәттер көрсетіледі.

8.8.2 Тапсырманы тұжырымдау кезінде және силлабусты әзірлеу процесінде келесі факторлар ескерілуі тиіс:

8.8.2.1 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары және білім беру бағдарламасының мазмұны;

8.8.2.2 силлабуста көзделген құжатталған ақпараттың құрылымдалуы және оны баяндаудың дәйектілігі;

8.8.2.3 пәннің теориялық (дәрістік) және тәжірибелік бөліктері арасындағы логикалық байланыстың және уақытша келісудің қадағалануы;

8.8.2.4 кафедра қолданатын пәнді оқыту әдістемесі (оқыту технологиясы), оның ішінде тәжірибелік сабақтар мен БӨЖ/БООЖ үлесі;

8.8.2.5 пәнді ақпараттық-әдістемелік камтамасыз етудің жағдайы және оның білім алушыларға қолжетімділігі;

8.8.2.6 қолданылатын оқыту және білім алушылардың білімін бақылау технологиялары;

8.8.2.7 оқыту нысаны;

8.8.2.8 тиісті пән саласындағы ғылымның қазіргі жағдайы және оның ақпараттық қолжетімділігі;

8.8.2.9 білім беру бағдарламасының түлегіне қойылатын біліктілік талаптары;

8.8.2.10 кафедраның материалдық-техникалық базасының жағдайы;

8.8.2.11 пәнді кадрмен камтамасыз ету.

8.8.3 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) компьютер мен принтерді пайдалана отырып, А4 форматындағы ақ қағаздың бір жағына бір интервал арқылы баспа әдісімен орындалуы тиіс. Қаріп: орыс тілінде – Times New Roman, қазақ тілінде – Kz Times New Roman, кегль 12. Құжатты кітап нұсқасында басып шығаруға рұқсат етіледі. Құжат мәтінін келесі жолдардың өлшемдерін сақтай отырып басып шығару қажет: жоғарғы, төменгі, сол жағы – 2 см; оң жағы – 1 см. Мәтін шегіндегі абзацтық шегініс бірдей және 1,25 см-ге тең болуы тиіс. Теңестіру: ені бойынша. Жоғарғы колонтитул осы құжатталған рәсімде келтірілген нысандарға сәйкес болуы тиіс. Төменгі колонтитул қолданылмайды.

9. ПӘННІҢ ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ (SYLLABUS) ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

9.1 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасының құрылымы (Syllabus) келесі бөлімдерден тұруы тиіс:

9.1.1 **Жалпы ережелер.** Бұл бөлімде оқытушы, оқу пәні туралы ақпарат, оның қысқаша сипаттамасы, пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері, оқу нәтижелері, курстың пререквизиттері мен постреквизиттері келтірілген.

9.1.1.1 Пәннің қысқаша сипаттамасы Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы (әрі қарай, ЖБББП) реестрімен бірдей болуы тиіс. Пәннің қысқаша сипаттамасында ЖБББП бойынша оқыту нәтижелеріне жету индикаторы ретінде пәннің мазмұнын ашу қажет. Пәннің сипаттамасында қандай да бір дәрістен, оқулықтардан үзінділер, анықтамалар және т.б. келтірілмеуі тиіс. Пәндердің қайталануына және олардың мазмұндас болуына рұқсат етілмейді.

9.1.1.2 Пәнді оқыту мақсаты маман даярлау жүйесіндегі пәннің рөлі мен орнын ескере отырып қалыптастырылуы тиіс. Бұл тармақты жазу кезінде мына сұрақтарға жеткілікті түрде нақты жауап беру қажет: неліктен осы пәнді қандай да бір білім беру бағдарламасы бойынша білім алу барысында оқу керек, пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы не істей алады, қандай құзыреттіліктерді игереді және т.б. Мақсат пен міндеттерді тұжырымдау оқытушыға емес, білім алушыға бағытталуы керек.

9.1.1.3 Мақсат осы пәнді меңгеру нәтижелерін айқындайды және нақты болуы тиіс. Оқыту мақсатын оған жету деңгейін өлшеуге болатындай етіп тұжырымдау ұсынылады (қалыптастыру, меңгеру, игеру, дағдылану және т.б.). Мысалы, «_____» пәнінің мақсаты білім алушылардың _____ саласындағы _____ үшін теориялық және тәжірибелік білімімен дағдыларын игеру болып табылады.

9.1.1.4 Міндеттер – бұл келесі сұрақтарға жауап беретін мақсаттың нақты сипаты:

- 1) пән немен таныстырады?
- 2) пән нені үйретеді?
- 3) бұл пән нені дамытады?

9.1.1.5 Әрбір міндеттің шешілуі білім алушыны алға қойған мақсатқа жетуге жетелейді. Міндеттер көп болмауы керек, ал олардың тұжырымдамасы алынған білімдерде, іскерліктер мен дағдыларда көрініс табуы тиіс.

9.1.1.6 Пән бойынша оқыту нәтижелері – бұл білім алушы пәнді сәтті аяқтағаннан кейін не істей алатынын көрсетеді. Оқыту нәтижелерін әзірлеу Дублин дескрипторларына және Блум таксономиясына сәйкес білім беру бағдарламасы негізінде жүргізіледі. Оқыту нәтижелері КЭД-пен бірдей болуы керек.

9.1.1.7 Пререквизиттерде (алғышарттарда) оқытылатын пәнді меңгеру үшін қажетті білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды қамтитын пәндер көрсетілуі қажет. Пререквизиттер КЭД-пен бірдей болуы керек.

9.1.1.8 Постреквизиттерде (кейінгі талаптарда) осы пәнді оқып бітіргеннен кейін алынған білімдер, іскерліктер мен дағдылар қажет болатын пәндер көрсетілуі қажет. Постреквизиттер КЭД-пен бірдей болуы керек.

9.1.2 Сабақтардың және бақылау іс-шараларының мазмұны. Бұл бөлімде оқу сабағының түрі, тақырыптың атауы және оқу сабағының мазмұны, оқу сабағын ұйымдастыру нысаны, бақылау нысаны және сағаттардың сабақ түрлері мен апталар бойынша бөлінуі көрсетіледі (1-кесте).

Кесте 1 - Сабақтар мен бақылау іс-шараларының мазмұны

Ап та №	Оқу сабағының түрі, тақырыптың атауы және оқу сабағының мазмұны	Сағат саны	Оқу сабағын ұйымдастыру нысаны	Бақылау нысаны
Модуль				
1	Дәріс 1			
	Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақтар 1			
	БООЖ 1			
	БӨЖ 1			
2	Дәріс 2			
	Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақтар 2			
	БООЖ 2			
	БӨЖ 2			
...
Модуль				
...	Дәріс №			
	Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақтар №			
	БООЖ №			
	БӨЖ №			
...
Барлығы				
Дәріс сабақтары				
Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақтар				
БООЖ				
БӨЖ				

9.1.3 Пәнді игеру үшін қажетті негізгі және қосымша оқу әдебиеттерінің тізімі. Бұл бөлімде ұсынылған негізгі, қосымша әдебиеттер, интернет-ресурстар мен веб-курстардың

тізімі келтірілген.

9.1.3.1 Ұсынылатын әдебиеттер тізімі 1 – қосымшаға сәйкес болуы тиіс - оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (кітаппен қамтамасыз ету) оқыту тіліне сәйкес

9.1.3.2 Ұсынылатын негізгі әдебиеттер тізіміне кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламасының 100% пәндерін, оның ішінде оқыту тілдері бойынша басылған пәндерді қамтамасыз ететін соңғы он жылдағы баспа және электрондық басылымдар форматындағы әдебиеттер кіреді.

9.1.3.3 «Негізгі әдебиеттер» бөлімінде осы пән бойынша негізгі базалық оқулық (оқулықтар) көрсетіледі. Егер пән бірнеше бөлімнен тұрып, олардың әрқайсысына жеке оқулық сәйкес келсе, онда оқулықтардың базалық жиынтығы көрсетіледі.

9.1.3.4 Негізгі әдебиеттер тізіміне университет кітапханасының абонементі мен оқу залында жеткілікті мөлшерде болатын дереккөздер ғана енгізілуі керек. Негізгі әдебиеттердің ең көп саны бес дереккөзден аспауы керек.

9.1.3.5 «Қосымша әдебиеттер» кіші бөлімінде пәнді тереңірек оқып-үйренуге арналған библиографиялық әдебиеттер тізімі беріледі. Оның ішінде осы ғылыми саланың жетекші шетелдік авторларының еңбектері, қажет болған жағдайда шет тіліндегі басылымдар да қамтылады және келесі басылым түрлері енгізіледі:

9.1.3.5.1 оқулықтар мен оқу құралдары;

9.1.3.5.2 анықтамалық-библиографиялық әдебиеттер;

9.1.3.5.3 салалық энциклопедиялар; салалық анықтамалықтар (білім беру бағдарламасының бейіні бойынша);

9.1.3.5.4 салалық сөздіктер (білім беру бағдарламасының бейіні бойынша);

9.1.3.5.5 библиографиялық құралдар;

9.1.3.5.6 ағымдағы салалық басылымдар;

9.1.3.5.7 ғылыми әдебиеттер;

9.1.3.5.8 пән бейіні бойынша мерзімді басылымдар.

9.1.3.6 Қосымша әдебиеттер тізімінде негізгі әдебиеттердің мазмұнын толықтыратын аса маңызды дереккөздердің 10-нан аспайтын атаулары болуға тиіс. Егер бағдарлама авторы білім алушылардың ондаған дереккөзді қайдан табатынын білмесе, оларды тізімге қосуға болмайды.

9.1.3.7 «Интернет-ресурстар мен веб-курстар» кіші бөлімінде ресми сайттар, порталдар, кәсіби, тақырыптық чаттар мен форумдар, аудио және бейне конференциялар жүйесі, электронды оқулықтардың ашық каталогтары, онлайн энциклопедиялар мен анықтамалықтар (бейіні бойынша веб-сайттарға гиперсілтемелер) көрсетіледі.

9.1.3.8 Интернет – ресурстар мен веб-курстарды көрсеткен кезде сілтеме берілген ақпараттың қысқаша атауын көрсетіп, одан әрі белсенді сілтемені орналастыру қажет. Интернет-ресурстарға сілтемелер саны 10 атаудан аспауы тиіс.

9.1.4 Оқу пәні бойынша оқу нәтижелерін бақылау және бағалау

9.1.4.1 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімдері, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша балдармен бағаланады (оң бағалар, кемуіне қарай «А»- дан «D» - ге дейін және «қанағаттанарлықсыз» – «FX», «F») және дәстүрлі жүйе бойынша бағалау:

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	

C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

9.1.4.2 Білім алушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімі (ағымдағы бақылау) электрондық журналда тіркеледі.

9.1.4.3 Рейтинг бақылаудың әр түрінің орташа арифметикалық мәні ретінде анықталады. Бұл ретте бақылаудың әрбір түрінің салмақтық коэффициенті енгізіледі:

Оқу сабағының түрі	Маңыздылық коэффициенті**
Дәріс/Тәжірибелік / Зертханалық / Студиялық сабақтар	0,3
БӨЖ/БООЖ	0,3
Рейтинг	орташа арифметикалық мәні
Барлығы	0,6

4.4 Қорытынды бақылауға жіберілу рейтингі (ҚЖР) аралық рейтингтердің орташа мәні ретінде анықталады: $ҚЖР = (AP1 + AP2) / 2 \geq 50\%$

4.5 Пән бойынша қорытынды баға (ҚБ) жіберілу рейтингі (ҚЖР) және қорытынды бақылау (ҚБақ) нәтижелерінен құралады: $ҚБ = ҚЖР \times 0,6 + ҚБақ \times 0,4$

9.1.4.6 Пән бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлері (қорытынды бақылау)

Әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға	Баллардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға	Бағалау критерийлері
A	A	4,0	95-100	Өте жақсы	Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілген, нысан туралы саналы білімдер жиынтығы көрсетілген, ұғымдарды еркін қолдана білу, оның маңызды және маңызсыз белгілерін, себеп-салдарлық байланыстарын ажырата білу қабілеті көрінген жағдайда қойылады. Нысан туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстар аясында түсіну арқылы көрсетіледі. Жауап ғылыми терминдермен тұжырымдалады, қисынды, дәлелді, білім алушылардың авторлық ұстанымын көрсетеді. Шығармашылық қабілеттері паш етілген.
A-		3,67	90-94		Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілгенде, нысан туралы терең білім көрсетілгенде, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылғанда қойылады; жауапта анық құрылым, ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін логикалық дәйектілік байқалады. Нысан туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстар аясында түсіну арқылы көрсетіледі. Шығармашылық қабілеттер паш етіледі.

					Жауап беру барысында білім алушының өзі түзете алатын ұғымдарды анықтауда кемшіліктер жіберілуі мүмкін.
B+	B	3,33	85-89	Жақсы	Білім алушы қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап бергенде, тақырыптың негізгі ережелерін дәлелді түрде ашқанда, жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым мен логикалық дәйектілік байқалғанда қойылады. Мұнда оқытушының көмегімен білім алушының өзі түзеткен кемшіліктерге жол берілген.
B		3,0	80-84		Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілгенде, маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Жауаптың құрылымы анық, қисынды. Мұнда оқытушының көмегімен білім алушының өзі түзеткен кемшіліктерге немесе елеусіз қателерге жол берілуі мүмкін.
B-	C	2,67	75-79		Қойылған сұраққа толық жауап берілгенде, маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Жауаптың құрылымы анық, қисынды. Алайда, бағыттаушы сұрақтардың көмегімен білім алушының өзі түзеткен елеусіз қателерге немесе кемшіліктерге жол берілген.
C+		2,33	70-74		Қойылған сұраққа толық, бірақ жеткіліксіз дәйекті жауап берілгенде, сонымен қатар маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Негізгі ұғымдарды анықтауда білім алушының өзі түзете алмаған 1-2 қателікке жол берілуі мүмкін.
C	D	2,0	65-69		Қанағаттанарлық
C-		1,67	60-64	Толық емес жауап берілгенде, мазмұндау логикасы мен дәйектілігінде елеулі бұзушылықтар болғанда қойылады. Ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін анықтауда өрескел қателер жіберілген, бұл білім алушының олардың маңызды және маңызсыз белгілері мен байланыстарын түсінбеуінен туындаған. Жауапта қорытындылар жоқ. Жалпыланған білімнің нақты көріністерін ашу қабілеті көрсетілмеген. Сөйлеу безендіруі түзетуді, жөндеуді қажет етеді.	

D+		1,33	55-59		Толық емес жауап берілгенде қойылады. Мазмұндауда қисынсыздық байқалады. Білім алушы дәлелдеуде қиналады. Терминдердің, ұғымдардың анықтамаларында, фактілер мен құбылыстардың сипаттамаларында көптеген елеулі қателер бар. Жауапта қорытындылар жоқ. Сөйлеу сауатсыз. Қосымша сұрақтарға жауап беру кезінде білім алушы білім арасындағы байланысты тек оқытушының нұсқауынан кейін ғана түсіне бастайды.
D	E	1,0	50-54		Толық емес жауап берілгенде, ол сұрақ тақырыбы бойынша бытыраңқы білімді және анықтамаларда елеулі қателерді қамтығанда қойылады. Мазмұндаудың үзік-үзіктігі, қисынсыздығы байқалады. Білім алушы берілген ұғымның, теорияның, құбылыстың модульдің (пәннің) басқа нысандарымен байланысын түсінбейді. Қорытындылар, нақтылау және баяндаудың дәлелділігі жоқ. Сөйлеу сауатсыз. Оқытушының қосымша және нақтылайтын сұрақтары білім алушының тек қойылған сұраққа ғана емес, сонымен қатар модульдің (пәннің) басқа сұрақтарына да жауабын түзетуге әкелмейді.
FX	FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз	«Қанағаттанарлықсыз» бағасы 25-49 пайыздық көрсеткішке сәйкес келеді. Бұл баға білім алушы бағдарламада қарастырылған негізгі материалды білуде олқылықтар жіберген, модуль (пән) бағдарламасының жартысынан астамын меңгермеген, жауаптарында принципті қателерге жол берген, ағымдық, аралық аттестаттау нысандарында қарастырылған жекелеген тапсырмаларды орындамаған, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиетті пысықтамаған жағдайда қойылады.
F	F	0	0-24	Қанағаттанарлықсыз	«Қанағаттанарлықсыз» бағасы 0-24 пайыздық көрсеткішке сәйкес келеді. Бұл баға білім алушы бағдарламада қарастырылған негізгі материалды білуде олқылықтар жіберген, модуль (пән) бағдарламасын тұтастай меңгермеген, жауаптарында принципті қателерге жол берген, ағымдық бақылау нысандарында қарастырылған тапсырмалардың басым бөлігін орындамаған, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиетті пысықтамаған жағдайда қойылады.

9.1.4.7 Мұғалім пәннің ерекшелігіне және қорытынды бақылау формасына байланысты оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін өзі жасай алады.

9.1.5 Академиялық үлгерімге қойылатын талаптар

9.1.5.1 Білім алушылардың барлық аудиториялық сабақтарға кешікпей баруы міндетті болып табылады.

9.1.5.2 Бақылау тапсырмалары міндетті түрде орындалуы керек және белгіленген мерзімде тапсырылуы керек. Тәжірибелік, зертханалық, студиялық жұмыстар және кеш орындалған БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары төменде бағаланады.

9.1.5.3 Сабақтарды өткізіп алған және Тәжірибелік, зертханалық, студиялық жұмыстар мен тапсырмаларды уақтылы тапсырмаған жағдайда БӨЖ және БОӨЖ дәлелді себептермен

деканат белгілеген тәртіппен пысықталады.

9.1.5.4 Мұғалім пәннің ерекшелігіне және қорытынды бақылау формасына байланысты оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін өзі жасай алады.

9.1.6 Академиялық мінез-құлық және этика саясаты

9.1.6.1 Оқу процесіне белсенді қатысу.

9.1.6.2 Тәжірибелік, зертханалық, студиялық жұмыстар мен БӨЖ және БОӨЖ тапсырмаларын уақтылы орындау.

9.1.6.3 Сабаққа кешікпеу.

9.1.6.4 Сабақты өткізіп алмау (ауырған жағдайда анықтама беру).

9.1.6.5 Өткізіп алған сабақтарды оқытушы белгілеген уақытта өтеу қажет.

9.1.6.6 Көпшіл және мейірімді болу.

9.1.6.7 Ұқыпты және міндетті болу.

9.1.6.8 Тәжірибелік, зертханалық, студиялық жұмыстар мен БӨЖ және БОӨЖ тапсырмаларын орындау кезінде бұрмалауға және плагиатқа жол берілмейді.

9.1.6.9 Кез келген нысанда кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмейді.

**10. ПРОЦЕСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ
АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ІС-ҚИМЫЛДАР**

10.1 Байланысты тәуекелдер:	10.2 Тәуекелдердің алдын алу шаралары:
<ul style="list-style-type: none"> • құжатталған ақпаратты дұрыс басқармау; • тиісті емес байланыс, құжатталған ақпараттың ішкі және сыртқы алмасуының нашар жұмыс істейтін арналары; • қызметкерлердің қабілетсіздігі. 	<ul style="list-style-type: none"> • уақтылы тарату, мүдделі тұлғалардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, өзгерістерді бақылау, құпиялылық, Сайтта және ақпараттық стендтерде тек PDF форматында электрондық нұсқаларды орналастыру; • қызметкерлерге құжаттау ережелері туралы қосымша ақпарат беру.

11. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІК

11.1 Рәсімді әзірлеуді және оны іске қосуды ұйымдастыру жауапкершілігі оқу процесіне қатысатын тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.

11.2 Құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың құжатталған ақпаратты басқару жөніндегі өкілеттіктерін бөлу:

11.2.1 Білім беру бағдарламалары басқарма (ББББ) басшысы: құжатталған ақпаратты өзектендіру, құжатталған ақпараттың сапа саласындағы стандарттар талаптарына сәйкестігін тексеру;


11.2.2 Декандар, кафедра меңгерушілері, профессорлық-оқытушылық құрам (ПОҚ): осы Ережелерді орындау және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Бөлімше	Өкілеттіктер
Факультет деканы	Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) бекіту
ББББ	Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) келісу
ӘБ	- Құжатталған ақпаратты өзектендіру; - Пәннің оқу жұмыс бағдарламаларын (Syllabus) мониторингілеу және тексеру.
Кафедра	- Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу (Н. ББББ 8.3/8.1-2025-16-01); - Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) қарау; - Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) университеттің білім беру порталына орналастыру.
Шығарушы кафедра	Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын келісу (Syllabus)

ҚОСЫМША

Н. ББББ 8.3/8.1-2025-16-01 (міндетті)

«Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus)» нысаны

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	Кафедраның істер номенклатурасына сәйкес кодi	
Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus)	№ басылым	

« _____ » факультеті
« _____ » кафедрасы

Бекітемін

Факультет деканы

_____ А.Ж.Т.

« _____ » _____ 202__ ж.

**ПӘННІҢ ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**


Пән: Пән атауы

Код – ББ атауы

білім беру бағдарламасының білім алушылары үшін

Курс	
Семестр	
Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы	
Академиялық сағаттардағы еңбек сыйымдылығы, барлығы	
оның ішінде:	
дәріс сабақтары	
тәжірибелік сабақтар	
зертханалық / студиялық сабақтар	
БООЖ	
БӨЖ	
Қорытынды бақылауды жүргізу нысаны	

Астана, 202__

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	Кафедраның істер номенклатурасына сәйкес коді	
Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus)	№ басылым	

АЛҒЫ СӨЗ

1 ӘЗІРЛЕНДІ

Құрастырушы

_____ қолы
(Аты-жөні, тегі)

« _____ » _____ 202__ ж.


2 ТАЛҚЫЛАНДЫ

2.1 « _____ » кафедрасының отырысында талқыланды
« _____ » _____ 202__ жыл, хаттама № _____.

Кафедра меңгерушісі _____ қолы
(Аты-жөні, тегі)


3 БЕКІТІЛДІ

Шығарушы кафедра меңгерушісі _____ қолы
(Аты-жөні, тегі)

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	Кафедраның істер номенклатурасына сәйкес кодi	
Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus)	№ басылым	

Мазмұны

1 Жалпы ережелер	<i>бет</i>
2 Сабақтар мен бақылау іс-шараларының мазмұны	<i>бет</i>
3 Пәнді игеру үшін қажетті негізгі және қосымша оқу әдебиеттерінің тізімі	<i>бет</i>
4 Оқу пәні бойынша оқу нәтижелерін бақылау және бағалау	<i>бет</i>
5 Академиялық үлгерімге қойылатын талаптар	<i>бет</i>
6 Академиялық мінез-құлық және этика саясаты	<i>бет</i>

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	Кафедраның істер номенклатурасына сәйкес кодi	
Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus)	№ басылым	

1 Жалпы ережелер

1.1 Оқу пәнінің оқытушысы туралы ақпарат

Аты-жөні, тегі	
Лауазымы	
Ғылыми (академиялық) дәрежесі	
Ғылыми атағы	
Электрондық мекен-жайы	
Кафедраның орналасқан жері (корпус, кабинет)	
Кафедра телефоны	

1.2 Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы:

Пәннің қысқаша сипаттамасы Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы (әрі қарай, ЖБББП) реестрімен бірдей болуы тиіс.

Пәннің қысқаша сипаттамасында ЖБББП бойынша оқыту нәтижелеріне жету индикаторы ретінде пәннің мазмұнын ашу қажет. Пәннің сипаттамасында қандай да бір дәрістен, оқулықтардан үзінділер, анықтамалар және т.б. келтірілмеуі тиіс. Пәндердің қайталануына және олардың мазмұндас болуына рұқсат етілмейді.

1.3 Пәнді оқыту мақсаты:

Егер ЖБББП Реестрінде пәннің мақсаты көрсетілсе, онда 1.3 пунктін толтырмаймыз (кейін тармақшаларды нөмірлеу өтпелі болады). Егер ЖБББП Реестрінде пәннің сипаттамасындағы пән мақсаты көрсетілмесе, онда нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі оқыту мақсаты ретінде қарастыру ұсынылады (қалыптастыру, меңгеру, игеру, қамту және т.с.с.). Мысалы, «_____» пәнінің мақсаты білім алушылардың _____ саласындағы _____ үшін теориялық және тәжірибелік білімімен дағдыларын игеру болып табылады.

1.4 Пәнді оқыту міндеттері (3-5-тен аспауы керек):

Міндеттер – бұл келесі сұрақтарға жауап беретін мақсаттың нақты сипаты:

- 1) пән немен таныстырады?
- 2) пән нені үйретеді?
- 3) бұл пән нені дамытады?

1.5 Пәнді оқыту нәтижелері:

Пәнді оқыту нәтижелері – бұл білім алушының пәнді аяқтағаннан кейінгі істей алатын әрекеті. Пәнді оқыту нәтижелері ЭПК-пен бірдей болуы керек.

1.6 Пререквизиттері: пәндер үтір арқылы, үлкен әріппен, тырнақшаларсыз тізімделеді. Курс пререквизиттері ЭПК-пен бірдей болуы керек.

1.7 Постреквизиттері: пәндер үтір арқылы, үлкен әріппен, тырнақшаларсыз тізімделеді. Курс постреквизиттері ЭПК-пен бірдей болуы керек.

2 Сабақтар мен бақылау іс-шараларының мазмұны

Ап та №	Оқу сабағының түрі, тақырыптың атауы және оқу сабағының мазмұны	Сағат саны	Оқу сабағын ұйымдастыру нысаны	Бақылау нысаны
Модуль №. Модуль атауы				
1	Дәріс 1	Тақырып атауы	Үлгі: Дәріс-презентация және т.б.	Үлгі: Ауызша сауалнама және т.б.

	Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақ 1	Қарастырылатын сұрақтар		Үлгі: Зерттеу, аналитикалық және т.б.	Үлгі: Тәжірибелік жұмысты қорғау және т.б.
	БООЖ 1	Тақырып атауы		Үлгі: Топтық және т.б.	Үлгі: № 1 БООЖ тапсырмасын қорғау және т.б.
	БӨЖ 1	Тақырып атауы		Үлгі: Жеке және т.б.	Үлгі: № 1 БӨЖ тапсырмасын қорғау және т.б.
2	Дәріс 2				
	Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақ 2				
	БООЖ 2				
	БӨЖ 2				
...
Модуль №. Модуль атауы					
...	Дәріс №				
	Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақ №				
	БООЖ №				
	БӨЖ №				
...
Барлығы					
Дәріс сабақтары					
Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақтар					
БООЖ					
БӨЖ					

3 Пәнді игеру үшін қажетті негізгі және қосымша оқу әдебиеттерінің тізімі
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі 1 – қосымшаға сәйкес болуы тиіс - оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (кітаппен қамтамасыз ету) оқыту тіліне сәйкес

3.1 Негізгі әдебиеттер:

- 3.1.1
- 3.1.2
- 3.1.3
- 3.1.4
- 3.1.5

Негізгі әдебиеттер тізіміне университет кітапханасының абонементі мен оқу залында жеткілікті мөлшерде болатын дереккөздер ғана енгізілуі керек. Негізгі әдебиеттердің ең көп саны 5 дереккөзден аспауы керек.

3.2 Қосымша әдебиеттер:

- 3.1.1
- 3.1.2
- 3.1.3
- 3.1.4
- 3.1.5

Қосымша әдебиеттер тізімінде негізгі әдебиеттердің мазмұнын толықтыратын аса маңызды дереккөздердің 10-нан аспайтын атаулары болуға тиіс. Егер бағдарлама авторы білім алушылардың ондаған дереккөзді қайдан табатынын білмесе, оларды тізімге қосуға болмайды.

.....

3.3 Интернет-ресурстар мен веб-курстардың тізімі

3.1.1

3.1.2

3.1.3

3.1.4

3.1.5

....

4 Оқу пәні бойынша оқу нәтижелерін бақылау және бағалау

4.1 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімдері, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша балдармен бағаланады (оң бағалар, кемуіне қарай «А»- дан «D» - ге дейін және «қанағаттанарлықсыз» – «FX», «F») және дәстүрлі жүйе бойынша бағалау:

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

4.2 Білім алушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімі (ағымдағы бақылау) электрондық журналда тіркеледі.

4.3 Рейтинг бақылаудың әр түрінің орташа арифметикалық мәні ретінде анықталады. Бұл ретте бақылаудың әрбір түрінің салмақтық коэффициенті енгізіледі:

Оқу сабағының түрі	Маңыздылық коэффициенті**
Дәріс/Тәжірибелік / Зертханалық / Студиялық сабақтар	0,3
БӨЖ/БООЖ	0,3
Рейтинг	орташа арифметикалық мәні
Барлығы	0,6

4.4 Қорытынды бақылауға жіберілу рейтингі (ҚЖР) аралық рейтингтердің орташа мәні ретінде анықталады: $ҚЖР = (AP1 + AP2) / 2 \geq 50\%$

4.5 Пән бойынша қорытынды баға (ҚБ) жіберілу рейтингі (ҚЖР) және қорытынды бақылау (ҚБак) нәтижелерінен құралады: $ҚБ = ҚЖР \times 0,6 + ҚБак \times 0,4$

4.6 Пән бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлері (қорытынды бақылау) *

Әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға	Бағалау критерийлері

**«Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу туралы ережелері»
ҚазТБҰ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-16**

A	A	4,0	95-100	Өте жақсы	Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілген, нысан туралы саналы білімдер жиынтығы көрсетілген, ұғымдарды еркін қолдана білу, оның маңызды және маңызсыз белгілерін, себеп-салдарлық байланыстарын ажырата білу қабілеті көрінген жағдайда қойылады. Нысан туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстар аясында түсіну арқылы көрсетіледі. Жауап ғылыми терминдермен тұжырымдалады, қисынды, дәлелді, білім алушылардың авторлық ұстанымын көрсетеді. Шығармашылық қабілеттері паш етілген.
A-		3,67	90-94		Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілгенде, нысан туралы терең білім көрсетілгенде, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылғанда қойылады; жауапта анық құрылым, ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін логикалық дәйектілік байқалады. Нысан туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстар аясында түсіну арқылы көрсетіледі. Шығармашылық қабілеттер паш етіледі. Жауап беру барысында білім алушының өзі түзете алатын ұғымдарды анықтауда кемшіліктер жіберілуі мүмкін.
B+	B	3,33	85-89	Жақсы	Білім алушы қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап бергенде, тақырыптың негізгі ережелерін дәлелді түрде ашқанда, жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым мен логикалық дәйектілік байқалғанда қойылады. Мұнда оқытушының көмегімен білім алушының өзі түзеткен кемшіліктерге жол берілген.
B	C	3,0	80-84		Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілгенде, маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Жауаптың құрылымы анық, қисынды. Мұнда оқытушының көмегімен білім алушының өзі түзеткен кемшіліктерге немесе елеусіз қателерге жол берілуі мүмкін.
B-		2,67	75-79		Қойылған сұраққа толық жауап берілгенде, маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Жауаптың құрылымы анық, қисынды. Алайда, бағыттаушы сұрақтардың көмегімен білім алушының өзі түзеткен елеусіз қателерге немесе кемшіліктерге жол берілген.
C+		2,33	70-74		Қойылған сұраққа толық, бірақ жеткіліксіз дәйекті жауап берілгенде, сонымен қатар маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Негізгі ұғымдарды анықтауда білім алушының өзі түзете алмаған 1-2 қателікке жол берілуі мүмкін.
C	D	2,0	65-69		Бұл жағдай толық емес және жеткіліксіз жауап берілгенде қойылады. Мазмұндау логикасы мен дәйектілігінде бұзушылықтар бар. Ұғымдарды ашуда, терминдерді қолдануда қателерге жол берілген. Білім алушы маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды өз бетінше ажырата алмайды. Жалпыланған білімді тек оқытушының көмегімен ғана мысалдар арқылы дәлелдеп, нақтылай алады. Сөйлеу безендіруі түзетуді, жөндеуді қажет етеді.
C-		1,67	60-64	Толық емес жауап берілгенде, мазмұндау логикасы мен дәйектілігінде елеулі бұзушылықтар болғанда қойылады. Ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін анықтауда өрескел қателер жіберілген, бұл білім алушының олардың маңызды және маңызсыз белгілері мен байланыстарын түсінбеуінен туындаған. Жауапта қорытындылар жоқ. Жалпыланған білімнің нақты көріністерін ашу қабілеті көрсетілмеген. Сөйлеу безендіруі түзетуді, жөндеуді қажет етеді.	
D+		1,33	55-59	Толық емес жауап берілгенде қойылады. Мазмұндауда қисынсыздық байқалады. Білім алушы дәлелдеуде қиналады. Терминдердің, ұғымдардың анықтамаларында, фактілер мен құбылыстардың сипаттамаларында көптеген елеулі қателер бар. Жауапта қорытындылар жоқ. Сөйлеу сауатсыз. Қосымша	

					сұрақтарға жауап беру кезінде білім алушы білім арасындағы байланысты тек оқытушының нұсқауынан кейін ғана түсіне бастайды.
D	E	1,0	50-54		Толық емес жауап берілгенде, ол сұрақ тақырыбы бойынша бытыраңқы білімді және анықтамаларда елеулі қателерді қамтығанда қойылады. Мазмұндаудың үзік-үзіктігі, қисынсыздығы байқалады. Білім алушы берілген ұғымның, теорияның, құбылыстың модульдің (пәннің) басқа нысандарымен байланысын түсінбейді. Қорытындылар, нақтылау және баяндаудың дәлелділігі жоқ. Сөйлеу сауатсыз. Оқытушының қосымша және нақтылайтын сұрақтары білім алушының тек қойылған сұраққа ғана емес, сонымен қатар модульдің (пәннің) басқа сұрақтарына да жауабын түзетуге әкелмейді.
FX	FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз	«Қанағаттанарлықсыз» бағасы 25-49 пайыздық көрсеткішке сәйкес келеді. Бұл баға білім алушы бағдарламада қарастырылған негізгі материалды білуде олқылықтар жіберген, модуль (пән) бағдарламасының жартысынан астамын меңгермеген, жауаптарында принципті қателерге жол берген, ағымдық, аралық аттестаттау нысандарында қарастырылған жекелеген тапсырмаларды орындамаған, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиетті пысықтамаған жағдайда қойылады.
F	F	0	0-24	Қанағаттанарлықсыз	«Қанағаттанарлықсыз» бағасы 0-24 пайыздық көрсеткішке сәйкес келеді. Бұл баға білім алушы бағдарламада қарастырылған негізгі материалды білуде олқылықтар жіберген, модуль (пән) бағдарламасын тұтастай меңгермеген, жауаптарында принципті қателерге жол берген, ағымдық бақылау нысандарында қарастырылған тапсырмалардың басым бөлігін орындамаған, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиетті пысықтамаған жағдайда қойылады.

* Оқытушы пәннің ерекшелігі мен қорытынды бақылау түріне байланысты оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін өзі әзірлей алады.

5 Академиялық үлгерімге қойылатын талаптар

5.1 Білім алушылардың барлық аудиториялық сабақтарға кешікпей баруы міндетті болып табылады.

5.2 Бақылау тапсырмалары міндетті түрде орындалуы керек және белгіленген мерзімде тапсырылуы керек. Тәжірибелік, зертханалық, студиялық жұмыстар және кеш орындалған БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары төменде бағаланады.

5.3 Сабақтарды өткізіп алған және Тәжірибелік, зертханалық, студиялық жұмыстар мен тапсырмаларды уақтылы тапсырмаған жағдайда БӨЖ және БОӨЖ дәлелді себептермен деканат белгілеген тәртіппен пысықталады.

6 Академиялық мінез-құлық және этика саясаты

6.1 Оқу процесіне белсенді қатысу.

6.2 Тәжірибелік, зертханалық, студиялық жұмыстар мен БӨЖ және БОӨЖ тапсырмаларын уақтылы орындау.

6.3 Сабаққа кешікпеу.

6.4 Сабақты өткізіп алмау (ауырған жағдайда анықтама беру).

6.5 Өткізіп алған сабақтарды оқытушы белгілеген уақытта өтеу қажет.

6.6 Көпшіл және мейірімді болу.

6.7 Ұқыпты және міндетті болу.

6.8 Тәжірибелік, зертханалық, студиялық жұмыстар мен БӨЖ және БОӨЖ тапсырмаларын орындау кезінде бұрмалауға және плагиатқа жол берілмейді.

6.9 Кез келген нысанда кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмейді.

